



**Автор:** Жунусова Гульбаршын Кабылжановна

**Предмет:** Қазақ тілі

**Класс:** 5-сынып

**Раздел:** Әлемдегі ірі кітапханалар

**Тема:** Абай Құнанбайұлы «Ғылым таппай, мақтанба» өлеңі.

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	5.Т4. Фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби мәтіндердің мазмұнын түсіну 5.А5. Берілген сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап беру, шағын диалогке қатысу.
Сабақтың мақсаттары:	Оқушының барлығы орындай алады: «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін оқып, мазмұнын түсінеді, берілген сұрақтарға жауап береді. Оқушының көбі орындай алады: «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін оқып, қойылған сұрақтарға лайықты жауап береді, шағын диалогке қатысады. Оқушының кейбіреуі орындай алады: Өлеңдегі негізгі идеяға қатысты өз көзқарастарын білдіреді және оны дәлелдей алады, шағын диалогке түседі.
Бағалау критерийлері:	Ғылым таппай мақтанба» өлеңінің мазмұнын түсінеді, сұрақтарға лайықты жауап береді. Өлеңдегі негізгі идеяға қатысты өз көзқарастарын білдіреді және оны дәлелдей алады, шағын диалогке қатысады.
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу, түсіну
Тілдік мақсат:	Оқушылар орындай алады: «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі бойынша қойылған сұрақтарға лайықты жауап береді, шағын диалогке түседі. Пәнге қатысты сөзік қор мен терминдер: Бекер мал шашпақ, терең ой, қашық бол, асық бол, бес асыл іс. Диалог құруға/шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер: адал еңбек, білімді адам, кітап оқу, бос уақыт. Талқылауға арналған сұрақтар: Не себепті білім аламыз? Еңбек етуді қалай түсінеміз? Жаман қасиеттерге нелер жатады? Неге?
Пәнаралық байланыс:	Өзін-өзі тану
Құндылықтар:	Адам бойындағы жақсы қасиеттерді бағалау, кітап оқуға, білім- ғылымға деген құштарлық және оны бағалау
Алдыңғы оқу:	Ірі кітапханалар.

### Ход урока

Этапы урока	Запланированная деятельность на уроке	Ресурсы
Сабақтың басы (10 минут)	1. Ширату жаттығулары. Тақтаға Абайдың суреті ілінеді. -Осы суреттерде кім бейнеленген? -Абай Құнанбайұлы туралы не білесіңдер? -Абайдың қандай өлеңдерін білеміз? -Кітапханадан Абайдың қандай шығармаларын алып, оқыдыңдар? Мультфильм. Тақырыпты, мақсатты болжау. Топқа бөлу. «Талаптылар», «Еңбекқорлар», «Ойшылдар» үш топқа бөлу.	Абайдың суреті <a href="https://imektep.kz/">https://imektep.kz/</a> <a href="https://www.youtube.com/watch?v=zKPCRhqFkBA">https://www.youtube.com/watch?v=zKPCRhqFkBA</a> «Сиқырлы кітаптар». Абай Құнанбаевтың шығармалары
Сабақтың ортасы (3 минут)	1.Сөздікпен жұмыс. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде кездесетін жаңа сөздер және сөз тіркестерімен таныстырып, мағынасын түсіндіру, аудармасын айту. Құмар- Еріншек- Қанағат- Өсек- Өтірік- Терең ой- Мақтаншақ- Дұшпан- Қайғы- Талап- Рақым-	

Этапы урока	Запланированная деятельность на уроке	Ресурсы
Сабақтың ортасы (15 минут)	<p>3. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін тыңдату.(аудио) ТЖ.1- тапсырма.«Автордың ойы» стратегиясы арқылы өлеңді талдау. 1-топ. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңіне дейінгі ақынның ойы. 2-топ. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңіндегі ақынның ойы. 3-топ. Автор өлеңінен кейінгі оқушылардың ойы. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңіне дейінгі ақынның ойы. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңіндегі ақынның ойын анықтау. Оқушылардың авторға өз ойын, көзқарасын білдіруі. Бағалау критерийі Дескриптор «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінің мазмұнын түсініп,сұрақтарға жауап береді. Шағын диалогке түседі. 1.Оқушылар өлеңге дейінгі ақынның ойын анықтайды. 2. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңіндегі ақынның ойын анықтайды. 3. Оқушылар авторға өз ойын, көзқарасын білдіреді. КБ. «Ойды аяқта» 1.Бүгін мен не білдім... 2.Мен үйрендім... 3.Қолымнан келді... 4.Қиындық тудырды...</p>	<p>mp3.com&gt;music/абай - ғылым таппай мақтанба/ ватман, маркер</p>
Сабақтың ортасы (4 минут)	<p>ТЖ. 2- тапсырма. «Пікірлер сызығы» 1. Абай ғалым болу мен адам болу бір-бірімен байланысты дейді, ал сіздер қалай ойлайсыздар? 2. «Ғылым таппай мақтанба, Орын таппай баптанба...» -дегендегі орнын табу дегенді қалай түсінесіңдер? Бағалау критерийі Дескриптор Сұрақтар бойынша өлеңдегі негізгі ойды қазіргі біліммен, өмірмен байланыстырып, сұрақтарға лайықты жауап береді. Өз пікірлерін дәлелдеп, шағын диалогке түседі. 1. Берілген сұрақ бойынша шағын диалогке түседі 2. Өлеңді қазіргі өмірмен байланыстырады 3. Өз пікірлерін дәлелдейді. КБ. Мұғалімнің ауызша бағалауы. Сұрақты талдау барысында оқушылар сұрақ мазмұнын түсіне алды ма, сұрақтарға лайықты жауап беруде сөйлемдерін дұрыс құрастырды ма, сұрақты өмірмен байланыстырып, дәлелдей алды ма?</p>	<p>Мидың суреті</p>
Сабақтың соңы (4 минут)	<p>Рефлексия. «Миыңның суретін сал» Оқушылар мидың суретіне осы сабақта меңгерген сөздер мен сөз тіркестерін, алған білімдерін жазады. Бағалау – оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?</p>	<p>Бағалау – оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?</p>